

**"Болашақ" балалар бақшасы**

**"Мен елімді сүйемін!"**

**мәнерлеп оқу сайысы**

**/ересек "Балбөбек" және "Балдырған" топтары  
арасында**

**Музыка жетекшісі: А.А.Наурзалиева**

**Желтоқсан, 2022 жыл**

**Бердигалиев Ислам: «Көк туым»**

**Оразақын Асқар**

Аспанымдай көк туым  
Тудан нұрын төкті күн,  
Қанат қақтық қырандай  
Тәуелсіз ел боп бүгін.  
Туда ұлттық өрнегім-  
Өнерім ғой ол менің  
Қандай бақыт көгімнен  
Өз туымды көргенім.



**Арон Назерке : «Отаным»**

**А.Қалмағбетов**

Отаным-тірегім,  
Отаным-жүрегім,  
Отаным-жiгерiм,  
Отаным-бiлерiм.  
Отаным-күндерiм,  
Отаным -үндерiм,  
Отаным-гүлдерiм,  
Кеудемде жүр менің!



**Нұралі Жанна: «Қазақ –менің Отаным»**

**Д.Елайқызы**

Асыл өлкем ерекше  
Қазақстан –мекенім!  
Беп-белгілі емес пе?  
Сенің ғажап екенің!  
Биік болсын шоқтығың,  
Атыңды айтам ән қылып  
Желбіреді көк туым  
Төбемізде мәңгілік!



**Жүрг:** Елімізде бақ-берекке, ырыс болсын,

Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын.

Халқымын ахуалы дұрыс болсын,

Отанымыз әрқашанда тыныш болсын! – деп «Мен елімді сүйемін» атты мәнерлеп оқу сайысын аяқтаймыз.

**Жүргізуші:**

Ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар алқасының шешімімен балалар Мадақтамамен марапатталды.

**Жүргізуші:** Бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз. Тәуелсіздіктің тұғыры биік, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!



Ашық болып аспаным,  
Желбіресін байрағым.

**Жолмырза Айзере: «Отан»**

**Е.Өтетілеу**

Отанды біз атаменкен  
Деп аялап атаймыз  
Өйткені оны мекен еткен  
Бабамыз бен атамыз  
Отанды жас,кәріміз де,  
Туған жер деп сүйеміз  
Өйткені онда бәріміз де  
Туып өмір сүреміз  
Отанды әркім анасындай  
Қастерлейді бағалап  
Өйткені Отан баласындай  
Бізді өсірер аялап  
Отан деген-атамекен  
Отан деген –туған жер  
Отан –Ана,Отан үлкен  
Қазақстан –туған ел!



**Инарбай Майя: « Елтаңбасы елімінің»**

**С.Калнев**

Елтаңбасы елімінің  
Неткен айбат, әдемі.  
Тұнығындай көңілді, -  
Орталы аспан әлемі.

Құт-береке шанырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ  
Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолыңда  
Талай-талай тер тамған.  
Билігім өз қолымда, -  
Еркіндігім – Елтаңбам.



**Болатбекқылы Жанерке : «Қазақстан байрағы»**

**М.Әлімбаев**

Зенгір аспан көгілдір  
Алтын күні төрінде  
Тамытжытып төгіп тұр  
Шаттық сыйлар көңілге  
Көк аспандай көгілдір  
Қазақстан байрағы  
Тұрса күндей төгіп нұр  
Жылдарымыз жайдары  
Көк байрақтың бетінде  
Қыран бүркіт қанатты  
Сол қырандай еркіндеп  
Бала өседі талапты



Үшү үшін ғарышқа  
Тоқтар аға бел буган жер.  
**Шапай Нұрмұхаммед: «Менің Отаным»**

Б.Ыскақ

Гүлге толы кең жазық,  
Күйге толы жота құм.  
Жан тербеген жел нәзік,  
Осы менің Отаным  
Жасыл көктем шағындай  
Өмірімнің аскары  
Көңілдердің ағындай  
Біздің ауыл аспаны.  
Алтын шашқан сияқты  
Жер бетіне нұр таңым  
Бар адамға шуақты  
Осы менің Отаным



**Нұрлыбек Райна: «Қазақ жері»**

Р.Тышқанбаев

Шұғылалы танымыз  
Қазақ жері бағымыз.  
Қойнауынан мөп-мөлдір,  
Сусындайды жанымыз.

Қазақ жері – сәніміз,  
Мәуесі мол бағымыз.  
Саясында жетілер  
Балдай бала шағымыз.



**Нағашыбаева Айкөркем: «Гүлденген Қазақстан»**

Хабибуллина Назым

Көмкеріп жерімді гүлменен,  
Арайлап аталы ақ таны.  
Бар мұнда тыныштық, береке,  
Бар мұнда елімнің мұраты.  
Көп ұлттар мекендеп еліме,  
Тамсанған көркіне тоймаған.  
Бақытты баламын шырайлы,  
Асыр сап алаңсыз ойнаған.  
Желбіреп көк туы мұңдалап,  
Айғақтап тұрғандай бақытты.  
Бақыт қой елдігі елімнің,  
Атса егер азаттық ақ таны...



**Сұлтанмұратова Аяла: «Менің елім-Қазақстан»**

Қалмашева Жалыра Пернебайқызы

Менің елім – Қазақстан,  
Бейбітшілік мекені!  
Еш жерден де талпайсың,  
Дал осындай өлкені.  
Желбіреді көк туым,  
Шырқалды Әнұраным  
Елдігіміз – Елтығам,  
Қалықтайды қыраным.  
Азат елім, еркінмін,  
Тәуелсіздік-айбарым.



**Мен елімді сүйемін!**  
(Мәнерлеп оқу сайысы)

**Мақсаты:** Балалардың коммуникативті тіл құзыреттілігін арттыру, тілге деген құрмет көрсетумен бірге балалардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру. Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту

**Жүргізуші:** Құрметті бүлдіршіндер, тәрбиешілер! Өлеңдерді мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер!

Бала біткен дос бауыр, Болмасын еш тосқауыл - деп ортаға сайысқа қатысатын бүлдіршіндерді шақырамыз.

- |                         |                          |
|-------------------------|--------------------------|
| 1. Алтай Ғазиза         | 6. Инирбай Майя          |
| 2. Шапай Нұрмұхамед     | 7. Бердигалнев Ислам     |
| 3. Нұрлыбек Раина       | 8. Арон Назерке          |
| 4. Нағашыбаева Айкөркем | 9. Нұрәлі Жәния          |
| 5. Сұлтанмұрат Аяла     | 10. Жолмырза Айзере      |
|                         | 11. Болатбекқызы Жанерке |



**Жүргізуші:**

Әділқазы алқасы армысыздар!

Бейне бір жауатұғын қармысыздар.

Қатысушыларға әділ баға беретұғын

Әділеттен жаралған жанбысыздар?! –дей келе, ең алдымен сайысымызды бастамас бұрын, әділ - қазылар алқасымен таныстырайық.

Әділ-қазылар:

Балабақша әдіскері: Уразалина Г.Б.

"Қазақ тілі" қоғамының төрайымы: Косанова Г.С.

**Жүргізуші:**

Қазақтың мен, қазақтың бөлшегімін,

Қажеті не басқаның өлшемің.

Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,

Енді міне жетеді көпке үнім - дей келе, мәнерлеп оқу сайысына қатысушыларды

таныстыра кетейік. Бұл сайыс «Балдырған» және "Балбөбек" ересек топтары арасында өтеді. Ортаға сайысқа қатысатын балаларды қошеметтеп ортаға шақырайық!

**Алтай Ғазиза: «Туған жер»**

Оразақын Асқар

Сүйем сені, туған жер,

Байлық, бақыт тұнған жер

Қамбасың Отанның

Тау-тау астық құйған жер.

Сүйем сені, туған жер,

Өнер, білім қутан жер,

